22294874284

Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М.М., 18.03.2025

Құжатқа қол қойылған: Хасан С. К., 17.03.2025

Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 14.03.2025

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 13 наурыз 2399-24-00-2а/841 Атырау қаласы

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында : төрағалық етуші судья Ергазиев М.М., судьялар Хасан С.К., Нуржанова Б.Б. болып, талап қоюшы «Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының «Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер «Абдрахманова Ш.» Абдрахманова Шулпанға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану жөніндегі талап қоюы туралы азаматтық іс бойынша шығарған қаулысындағы қатені түзету туралы арызын қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ :

Аталған іс бойынша сот алқасымен 2025 жылғы 30 қаңтарда талап қоюды қанағаттандыру туралы қаулы шығарылған болатын.

2025 жылғы 12 наурызда сот алқасына талап қоюшы «Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен сот алқасының қаулысындағы жауапкердің тегінің қате жазылуын түзету туралы арыз түскен.

Іс құжаттарын зерттеп, сот алқасы арыз қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

«Төрелік» жүйесіне енгізілген іс құжаттарын тексеру кезінде аталған іс бойынша жауапкер дара кәсіпкер «Абдрахманова Ш.» Абдрахманова Шулпанның атауы мен тегі сот алқасының қаулысының кіріспе және қарар бөліктерінде «Адрахманова Ш.», Адрахманова» болып қате жазылып кеткені белгілі болды.

Апелляциялық сатыдағы сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 235-бабының 1-2 және 4- бөліктеріне және 426-бабының 3-бөлігіне сәйкес өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша қаулысында жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады, сонымен қатар, бұл мәселені өз қалауы бойынша іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Сот қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзету кезінде қабылданған шешімнің түйіндерін және (немесе) мазмұнын өзгертуге құқылы емес.

Осы норманың негізінде қаулыдағы қате түзетілуге жатады, себебі бұл түзету [illegible]

2399-24-3-2/844

АПК-нің 235 және 426 баптарын басшылыққа алып,алқа

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ :

2

Аталған іс бойынша Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 30 қаңтарда шығарылған қаулысына түзетулер енгізілсін.

Қаулының бүкіл мәтіні бойынша «Адрахманова Ш.», «Адрахманова» деген сөздер тиісінше «Абдрахманова Ш.», «Абдрахманова» деген сөздермен алмастырылсын.

Осы ұйғарым жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді және оған шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Төрағалық етуші Ергазиев М.М.

Судьялар Хасан С.К.

Нуржанова Б.Б.

Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 18.03.2025
Құжатқа қол қойылған: Хасан С. К., 17.03.2025
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 14.03.2025
2399-24-3-2/844